

1. Өнер алды-қызыл тіл.
2. Тіл тас жарады- тас жармаса бас жарады.
3. Шебердің қолы ортақ,  
Шешеннің тілі ортақ
4. Тіл қылыштан өткір.
5. Басқа бәле тілден.

## **Тренинг « Қызықты демалыс»**

### **3 кезең: «Кім жылдам?»**

Шарты: Әр топ басшысы берілген сөздерді қимылмен көрсету керек , ал әр топ бұл сөздерді дұрыс табуы тиіс.

**I топқа берілген сөздер:** жұлдыз, қайық, аю, ұшақ, айна, қоңырау, мысық, доп, сызғыш, гүл.

**II топқа берілген сөздер:** кітап, жаңбыр, себет, үзіліс, қоян, сурет, пойыз, сабақ, маймыл, қолшатыр.

### **4 кезең: « Қызықты сұрақтар»**

Бұл сайыста қойылған сұрақтарға жауап беру.

#### **1. «Қазақстан Республикасының тілдер туралы» Заңы қашан қабылданды?**

- А) 1989 ж.
- Ә) 1997 ж.**
- Б) 2000ж.
- В) 1999ж.

#### **2. ҚР-ның конституциясы қашан қабылданды?**

- А) 14 наурыз 2006ж.
- Ә) 16 желтоқсан 1986ж.
- Б) 1 желтоқсан 1991ж.
- В) 30 тамыз 1995ж.**

#### **3. «Мектепке дейінгі ересек жастағы баалардың ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі:**

- а) 9 сағат
- ә) 11 сағат
- б) 12 сағат
- в) 20 сағат**

**Тақырыбы: «Қымбат маған ана тілім бал тілім!» ( тәрбиешілер арасында сайыс)**

**Мақсаты:** Тәрбиешілер арасында тілдерді насихаттау мақсатында ел жандылыққа, туған тілін қастерлеуге, Отанды сүйуге, ата-баба дәстүріне адал болуға шақыру.

Тіл көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, арқылы тәрбиешілердің дүниетанымын, ой өрісін кеңейту.

**Жүргізуші:** Қайырлы күн бүгінгі сайысқа қатысушы қадірлі ұстаздар! Бәріміз осы жерде дүниеге келіп, бәріміз осы таңғажайып Қазақстан мемлекетінде тұрамыз, әр алуан тілде сөйлейміз. Себебі, Қазақстан көпұлтты мемлекет. Бүгінгі мейрам - тілдер күні!

Ана тілің - арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте,  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!

Ендеше тіл мерекесіне арналған «**Қымбат маған ана тілім бал тілім**» атты сайысымызды бастайық.

Сайысымыз 5 кезеңінен тұрады:

- 1 кезең:** «Сәлем- сөздің анасы» (Таныстыру)
- 2 кезең:** «Мақал – сөздің мәйегі» (Мақал сайысы)
- 3 кезең:** «Кім жылдам?»
- 4 кезең:** «Қызықты сұрақтар»
- 5 кезең:** «Сөз мерген »

**1 кезең:** «Сәлем- сөздің анасы»

Бұл кезеңде әр топ өздерін таныстырады.

**I топ «Алғырлар» тобы.**

**II топ «Тапқырлар» тобы.**

Бұл кезеңде әр топ өз топ басшыларын сайлап, топтарын қорғап шығады.

**2 кезең:** «Мақал – сөздің мәйегі» мақал сайысы.

Бұл сайыста әр топ мақал-мәтелдерді жалғастырады.

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының  
Атырау қаласы білім бөлімінің  
«№11 «Таңшолпан» бөбекжай – бақшасы»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**«Қымбат маған ана тілім, бал тілім!»**

**(педагогтар арасында сайыс)**

**Дайындаған: тәрбиеші Қалиева А.Т**

в) модульдық оқыту технологиясы.

**10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына « Өзін-өзі тану» оқу қызметі қай білім беру саласына жатады?**

а) Қатынас.

ә) Әлеуметтік орта.

б) Таным.

в) Шығармашылық.

г) Денсаулық.

**5 кезең: «Сөз мерген»**

Бұл кезеңде қатысушы тандаған әріпіне басталатын қазақ тілінде сөздер айтып шығу.

Мысалы: А ашық аспан, Б-болақ жарқын болсын!, т.б

Ұпай сандарын алдарыңыздағы шарлармен есептеледі.

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылады сыр ойдағы,

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.- деп Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырламақшы біздер де әрқашан тілімізді бірінші орынға қойып жүрейік.

**4. Қазақстанда тұңғыш мектеп жасына дейінгі бала тілінзерттеген ғалым кім:**

**А) Б.Баймұратова**

ә) Ғ. Дукенбаева

б) С.Бәтібаева

в) Ә.Әмірова

**5. Тұңғыш балаларға арналған хрестоматияның авторы кім?:**

а) М.Жумабаев.

ә) А.Байтұрсынов.

**б) Ы.Алтынсарин.**

в) Ж.Аймауытов.

**6. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті:**

а) еңбек.

ә) тәрбие.

б) спорт.

**в) ойын.**

**7. Балабақшада балаларды оқыту жүйесін алғаш жасаған педагог:**

а) Я.А.Коменский.

ә) И.Г.Песталоцци.

б) Д.Локк.

**в) Ф.Фребель.**

**8. ҚР Гимнінің авторы кім?**

А) Ы. Алтынсарин, Н. Назарбаев.

**ә) Ж. Нәжімеденов, Н. Назарбаев**

б) Ж. Жабаев, Н. Назарбаев

в) А. Құнанбаев, Н. Назарбаев.

**9. Балабақшада қолдануға тиімді технология:**

а) Дамыта оқыту технологиясы.

ә) Сатылай талдау технологиясы.

**б) Сын тұрғысынан ойлау технологиясы**